



ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИ НЫСАНДАРЫ

011
T33

T 33 Теміртау қаласының мәдени нысандары:
библиографиялық жаднама / Теміртау орталық
кітапханасы: құраст. К..А. Жанашева. – Теміртау, 2022 .
– 44 б.

**«Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлім**

**Теміртау қаласының
мәдени нысандары**

библиографиялық жаднама

Теміртау, 2022 ж.

ОҚЫРМАНҒА

Теміртау - елімізге ғана емес, республикамыздан өзге жерлерге танымал шығармашылық ұжымдарымен мақтана алатын, мәдениеті жоғары дамыған қала.

Теміртау қаласының аумағында қалаға ерекше көрік беретін мәдени орындардың бірі – Мәдениет сарайының ғимараты болып саналады. Бүгінде 50 жылдық тарихы бар Теміртау Мәдениет сарайы - бұл металлургтер қаласының шығармашылық орталығы. Еліміздің болашағы жас жеткіншектер десек, оларды тәрбиелейтін, мәдениетке үйрететін, ақыл-ойын дамытатын, өмірде өз орны бар тұлға болып қалыптасуы жолында балалар театрының ролі орасан.

Металлургтер қаласы Теміртауда жүзден аса ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады, олардың бәрі де егеменді елдің мейірімін еркін сезініп, өз қалауымен өмір сүруде. Оннан аса ұлттық этно-мәдени бірлестіктер жұмыс істейді.

Ақпараттық библиография бөлімі **«Теміртау қаласының мәдени нысандары»** атты библиографиялық жаднама құрастырды. Жаднаманы құрастырудағы мақсат: оқырмандарды Теміртау қаласының аумағында қалаға ерекше көрік беретін мәдени орындарымен таныстыру.

Жаднамаға мерзімдік басылым беттерінде жарық көрген мақалар енгізілген. Жаднаманы құрастыру барысында электронды каталог пен интернет қолданылды.

Тізім 2012-2020 жылдары аралығындағы әдебиеттерді қамтиды.

Қалың оқырман жұртшылыққа арналған.

ТЕМІРТАУ МӘДЕНИЕТІ

Тектілер түлеп ұшқан Теміртаудың бүгінгі жаңарған, жасарған келбеті көз сүйсіндіретіні рас. Жыл өткен сайын ажары ашылып, жөндеу, жаңғырту жұмыстары жалғасып, сәулеті келіскен ғимараттар мен жана әлеуметтік нысандар құрылысы бой көтерген құрышшылар шаһарына қарап, өзінің осындай даңқты қалада тұратынына кеуденді мақтаныш сезімі билейді. Бір кездері Қазақстан Магниткасының алып құрылысы мен қаланың даму тарихы бір-бірімен тығыз байланысты. Мұнда талай еңбек май-талмандары қанат қақты, барша жұрт білетіндей, тұңғыш Президент пен ғарышкер де осы ортадан шықты. Былайғы жұртқа комбинаттан будақтап шыққан түтіні бар, экологиясы нашар қала болып көрінгенімен, мұнда қайнаған еңбек пен мәдени өмірдің жаңалықтар лебі жанына шуақ төгеді.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТЕАТРЫ



Теміртаудың балалар мен жасөспірімдер театры орын тепкен еңселі ғимараттың өзіндік тарихы бар. Ол алғаш рет Металлургтер сарайы болып салынып, кейінірек Академиялық музыкалық комедия театрының еншісіне тиді. Ол театр Қарағандыға көш түзегеннен кейін оған Неміс музыкалық драма театры қоныс тепті. Неміс театры Алматы қаласына көшірілген

соң, ақыры Теміртаудың балалар мен жасөспірімдер театрына бұйырды. 1989 жылы осы театр құрылып, орда ғимараты қайта жөндеу әрлеу жұмыстарынан өтті. Сөйтіп, 1990 жылы 24 қарашада Л.Петрушевскийдің «Чемодан чепухи» (қоюшы режиссері Ю.Синин) шығармасымен театр алғаш рет сахна шымылдығын түрді. Бірінші театр маусымында келесі спектакльдер қойылған: «Чемодан чепухи», «Ай, да братец кролик», «Без вины виноватые», «Птица горлица», «Маленькие трагедии».



Театр труппасының бастауында тұрған актерлер: Авраменко В.М., Иванцев С.В., Коростылева Н.А., Каширина Н.Г., Кашура А.С., Мальцева Н.В., Макслюк М.Н., Немирович-Данченко Б.Г.;

Сытина Н.К., Саканцев И.П., Шор Н.Я., Кругель А.А. театрдың құрылуына зор үлес қосқандар қатарында: Коростылев В.Н. -1989-1993 ж. (театр директоры); Юн С.П.- 1995-2004 ж. (театр директоры); Синин Ю. -1989-1994 ж. (бас режиссёр), Соколова Е.А. (бас режиссердің м. а.)-2002-2004 ж.; Долиненко М.М. (бас режиссер 2004-2009ж.); Бас суретшілер: 1989-1991 ж. Осипенко А.И., 1991-1993 ж. Синицина Л.А., 1994 ж. бастап қазіргі күнге дейін Скокова Л.П. 1991 жылдан 2010 жылға дейінгі мерзім ішінде театрда 100 ден аса спектакль қойылымы өтті. Театрдағы әрбір қойылым сұлулықпен астасып, ізгі армандар мен игі мұраттарға жетуге бағыттталып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Осынау өнер ордасы балаларды ертегі әлемінің сиқырына малындырып, жан тазалығы адамдық пен адалдық секілді игі қасиеттерге жетелейді. Жас бүлдіршіндерге арналған шығыс ертегісі «Тысача вторая ночь Шахерезады», «Аленький цветочек», «Маугли», «Кошкин дом», «Красная шапочка», «Приключение Чипполино» ертегі-спектакльдері, үлкендерге арналған Д.Фонвизиннің «Недоросль», Л.Разумовскийдің «Медея», К.Гощидің «Принцесса Турандот», П.Кальдеронның «С любовью не шутят» т.б. қойылымдары табыспен жүріп, қоғам

келеңсіздіктерінің емшісіндей қызмет етті. Ұжым Украинаның Днепродзержинск қаласында өтетін «Классика сегодня» атты халықаралық фестиваліне үнемі қатысып, шығармашылық байланыс орнатқан. Мұндағы театрдың талантты **актері О.Керимов** «Лучший молодой актер» арнайы сыйлығымен марапатталса, 2001 жылы Алматы қаласында өткен «И смешно, и грешно» атты республикалық блиц фестивалінде үшінші орын иеленді әрі «За мужество и преданность сценическому искусству» атты арнайы сыйлығын қоса алған. Облыстық «Надежда» фестивалінің Гран-при жүлдесін алды, «Театр глазами детей» фестивалінің үш дүркін Гран-при иегері атануы театр сахнагерлерінің аймаққа қаншалықты танымал екендігінің бұлтартпас дәлелі. Адам болып қалыптасу әдебиет пен мәдениеттен, руханиаттан енетіні сөзсіз. Өнері мықты елдің адамдарының өресі әрдайым биік. Еліміздің болашағы жас жеткіншектер десек, оларды тәрбиелейтін, мәдениетке үйрететін, ақыл-ойын дамытатын, өмірде өз орны бар тұлға болып қалыптасуы жолында балалар театрының ролі орасан. Сондай-ақ, театрдың тағы бір туындысы Алан Александр Милнның повесть-өлеңінің желісімен жасалған Винни Пух жайлы мультфильмінің оқиғасы бойынша Е.Соколованың сахналауымен «Новые



приключения Винни Пуха и его друзей» атты музыкалы ертегі-қойылымы жас көрермендерді қуанышқа бөлеп, эстетикалық тәрбиемен сусындатуда.

Театрдың тағы бір табысы, қазақ ертегісін ұлттық нақышта қою мақсатымен театр ұжымы режиссер С.Асқаровты аттай қалап арнайы шақыртыпты. Таңдау қазақ ертегілерінің ішіндегі «Ұр тоқпаққа» түседі. Шығарма оқырманды қызықты оқиғаларымен баурайтын құнды фольклорлық дүние. Бұл ертегіні режиссер С Асқаров таңдап алғанда ұлттық дүниеге

деген құрметті басты назарда ұстап, қазақ ертегісін ұлттық салт-сана, ұлттық құндылықтар мен қазақы заттық дүниелер арқылы шешуге тырысыпты. Сахнадағы безендіру актерлердің киім киісі мен сөз-саптаулары осыны меңзеп тұрғандай. Режиссер, «Ұр тоқпақ» ертегісінің желісі мен Алдар Көсе жөніндегі қызықты оқиғаны қабат алғаны ұтымды. Көрермен



бүлдіршіндер «Ұр тоқпақ» ертегісін көре отырып, Алдар Көсе жөніндегі ертегінің желісін қоса тамашалап, шығармашылық үзіліс ретінде қабылдайды. Сахнада қазақтың қыратты даласы бейнеленген үлкен перденің ортасынан қазақы киіз үйдің сұлбасы ойылып, сахнаның қақ ортасына орналасыпты Қойылымда ерекше қызықты кейіпкерлер Қазан, Дастархан, Ұр тоқпақты бейнелегенде суретші ерекше әдемі әрі қызықты костюмдер үлгісін ойлап тауыпты. Қойылым қызықты, тартысқа толы күлкілі көріністерімен бүлдіршіндерді күміс күлкіге кенелте білді. Яғни алға қойылған мақсат орындалды деген сөз.

Театрдың жеңісті сәттері: Бірінші Республикалық комедия блиц-фестивалі (Алматы қ. 2001 ж.) , «За мужество и преданность сценическому искусству» арнайы жүлдесі, - «Бүгінгі классика» V Халықаралық фестивалі (2003ж. Украина, Днепродзержинск қ.) «Ең үздік жас актер» номинациясында – артист О.Керімовтың жүлдесі, «Беда от нежного сердца» спектакліндегі рөлі үшін, авторы В.Сологуб., - «Бүгінгі классика» VI Халықаралық фестивалі (2006ж. Украина, Днепродзержинск қ.) – «Ең үздік әйел рөлі» номинациясында артист Рыпаева У. (Баян Сұлу рөлі үшін) және «Ең үздік екінші жоспардағы рөлі» номинациясында артист Дроздецский В. (Қодар рөлі үшін), «Махаббат поэмасы» спектаклінде авторы Ғ.Мүсірепов. - «Бүгінгі классика» VII Халықаралық фестивалі (2008ж. Украина, Днепродзержинск қ.) А.Куприннің повесін сахналау бойынша «Яма» спектакліндегі

«Әйелдер актерлік ансамблінің тұтастығы үшін» атты қазылар алқасының арнайы жүлдесі. «Бүгінгі классика» ҮШ Халықаралық фестивалінің «Қарқынды шығармашылық өсуі мен көрермендердің мерекелік көңіл-күйін көтер білуі үшін» атты қазылар алқасының арнайы жүлдесі – 2011 жыл.

2007 жылғы 15 Республикалық театр фестивалінде М.Н: Маскалюктің қойылымындағы «Бирюзовое колечко» спектаклі үшін театр Қазақстан Республикасы театр қайраткерлерінің арнайы жүлдесіне ие болды.

ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС САЯБАҒЫ



Қалалық мәдениет және демалыс саябағы. «Восток» мәдениет және демалыс саябағы Теміртауда 1979 жылы ашылды. Қаланың байырғы тұрғындарының естелігі бойынша оны ашудың бастамашысы металлургия комбинатының директоры Олег Иванович Тищенко болды. Бастапқыда бұл саябақ балаларға арналып салынды. Оның барміндеттелген, аумағы учаскелерге бөлінген және олардың әрқайсысына қызметкерлеріне қажетті жұмыстарды жүргізу міндеттелген цех тағайындалған еді. Жалпы көлемі 7,414 га. Теміртау қаласы Әкімінің 2002 жылғы 09 сәуірдегі шешімімен «Восток» балалар саябағы «Қалалық мәдениет және демалыс саябағы» КМҚК деп өзгертілген. 2005 жылы 09 желтоқсанда «Теміртау қаласы

мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ №41 бұйрығының негізінде Теміртау қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Теміртау қаласы әкімдігінің «Қалалық мәдениет және демалыс саябағы» КМҚК деп аталды. Аумағы 14 га. 2 эстрада, 1 балалар алаңы және 1 спорт нысаны, 36 демалыс объектілері, оның ішінде механикаландырылған аттракциондар орналасқан. Саябақтың территориясында «Ромашка», «Колокольчик», «Юнга», «Карнавал», «автодром Малыш», «Солнышко», «Вихрь», «Мотодром», «Автодром» мен үш ойын павильоны, Аквариум орнатылған. 2008 жылы жаңадан «Гусеница», «Минитакси», «Ветерок», «Веселый паровоз», «Пират кемес», ал 2009 жылы «Лабиринт», «Налысаналар бойынша зеңбірек» аттракциондары сатып алынды.

ҚЫСҚЫ БАҚ



Қысқы бақ қалалық мәдениет және демалыс бағының бір бөлімшесі болып табылады. Александр Свичинский (1991 жылдың сәуірінен – 1992 жылдың желтоқсанына дейін) қалалық саябақта бірегей қысқы бақ салды. Жер көлемі – 2693 м², ғимаратты көлемі 3690,3 м², жалпы көлемі 2578 м² құрайды. Теміртаудағы «Қысқы бақ» жалпы Қарағанды облысының көркі десек арты қайтқандық емес. Ол 1993 жылы 16 қаңтарда ашылған. Өсімдіктер кейіннен Алматы

ботаникалық бағынан әкелінген. Қазіргі кезде бақта планетаның шөлді аумақтары мен тропикалық және субтропикалық елдерінде ғана өсетін 120 өсімдікті кездестіресіз. Қыстың күні құрауда бұл жердегі экзотикалық өсімдіктер иранбақта құлпырып тұрады. Теміртаудағы атағы алысқа кеткен «қысқы бақтың» келушілерге есік ашқанына да шикер ғасырдан астам уақыт өтті. Рас, мұндай оранжерея еліміздің басқа да қалаларында бар. Бірақ олар тек ғылыми мақсатта ғана пайдаланылады. Ал аумағы 2000 шаршы метрді алып жатқан теміртаулық бақтың есігі келем деушілерге қашанда ашық. «Қысқы бақтағы» флора біткеннің дені Алматы мен Қарағанды ботаникалық бақтарынан әкелінген. Мұнда қала тұрғындары сыйлаған гүлтұқымдары да бар. Сондай-ақ танымал тұлғалар еккен экзотикалық өсімдіктер де жеткілікті. Мысалы, ғарышкерлер Тоқғар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев сауырағаш пен олеандр отырғызған. Мұндағы өсімдік атаулының ішіндегі биігі - құрма пальмасы мен вашингтония. Ал төменде ұйыса өскен традесканция гүлдерінің жанына аялдамай өте шығу тіпті де мүмкін емес. Күтімі өте күрделі гибискус (қытай раушан гүлі) гүлдері де көздің жауын алып, адамды кәдімгідей арбайды. Осыдан отыз жыл бұрын іргетасы қаланған «Қысқы бақтағы» температура 8-10 градустан төмендемеуі қажет. Ол үшін қосалқы жылытқыш жабдықтары орнатылған. Бір таңғаларлығы, бақта жыл сайын банан жеміс береді екен. Жеуге жарамсыз, әрине. Сәндік ағаш сұрпынан: текстильді абака. Сонымен бірге «Қысқы бақтағы» пальма өсімдігі келушілердің көзіне бірден түседі. Отаны Жапония мен Оңтүстік Қытай аумағы саналатын павлма алғаш рет 2014 жылы гүлдепті. Сол жылдары қысқы бақта жабайы табиғаттың өзінде өте сирек гүлдейтін шеффлера



да бүр жарып, келушілер үшін тосын-сый болыпты. «Шеффлераны біздегі дәстүр бойынша осыдан бірнеше жыл бұрын жас жұбайлар отырғызған болатын. Жақында қарасақ, бүр жара бастапты. Бұл дегеніңіз үлкен қуаныш болды, себебі шеффлера бізде алғаш рет гүлдеді», - деп қуанышын жасыра алмаған Ботагөз Тәшенова.

Сонымен қатар, оранжереяда зоологиялық бұрыш та бар. Мұндағы құстар мен жан-жануарлар арнайы торда тұрады. Келушілер мұнда тауыс, қоян, кірпі және басқа да жануарларды тамашалай алады.

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ



Теміртаудың тарихы көптеген қызықты оқиғаларға бай, соның бірі – талай жылдар бойы мәдениет, ақпарат, бос уақытты өткізу және ағарту орталығы болып қала беретін, орталықтандырылған мемлекеттік кітапханалар жүйесін құру болып табылады.

Теміртау қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ. Директоры: Асель Талгатовна Жансагимова

Орталық қалалық кітапхана (ОҚК) - Теміртау қаласының барлық кітапханалар жүйесі мен мекемелерінің әдістемелік және үйлестіру орталығы болды.

Оқырмандар үшін №4 қалалық кітапхана (болашақта орталық қалалық кітапхана) 1960 жылы сәуірде ашылды. Кітапхананың жалпы ауданы 153 м болатын кішкене ғимаратта орналасты, оның оқу залы бар еді, кітап қорының жиынтығы 15187 данадан



тұрды. Қалалық №4 кітапхананың құрылымы мынадай еді: абонмент, оқу залы, көшпелі қор бөлімі. 1959-1960 жж. кітапханашылардың штаты – 5 адам болды. 1965 жылдың 2 сәуірінен бастап кітапхана меңгерушісінің лауазымына **Кускова Фаина Кузьмичична** тағайындалды. 1968 жылы БЛКЖО 50 – жылдығына байланысты кітапхана №4 қалалық жасөспірімдер кітапханасының

статусын алды. Көптеген жылдар бойы кітапхана жасөспірімдер арасында мамандық таңдауда үлкен жұмыстар жүргізді.

Қалада 1976 жылдың 1 шілдесінен бастап 2 орталық кітапхана жүйесі **(ОКЖ)** құрылды: Орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі (ОККЖ, оның құрамына орталық кітапхана мен 18 кітапхана-филиалы кірді). Орталықтандырылған балалар кітапханаларының жүйесі (ОБК және 10 кітапхана-филиалы). Теміртау қаласының көпшілік кітапханаларын орталықтандыру кезеңіне №4 жасөспірімдер кітапханасы, орталық қалалық кітапхана мәртебесін алды және мынадай құрылымы болды: ұйымдастыру-әдістемелік бөлімі, әдебиетті толымдау және өңдеу бөлімі, қызмет көрсету бөлімі, стационарлық емес қызмет бөлімі, бірінғай кітап қоры және өзара бірлесіп пайдалану бөлімі. 1980 жылы өнер бөлімі құрылды.

Орталық кітапхана - салалық, өлкетанулық, көркем әдебиетті, ұлттық мәдениеттің қайта жаңаруына, Қазақстан халықтарының тарихын жаңартуын насихаттауда үлкен де жемісті жұмыс жүргізді. Орталық қалалық кітапхана (ОҚК) үлкен Казметаллургстрой тресінің Қазақстан Магниткасының

оттегі цехының жұмысшыларымен бірлесе тығыз қызмет етті. Орталық кітапханада 30 көшпелі кітапхана ұйымдастырылды, оларда жыл сайын 1700-ден артық оқырман болып, кітап беру 30 мың данадан асты.

Орталық кітапханада (ОК) әр түрлі оқырман клубы, оқырман орталықтары мен бірлестіктер құрылып, жұмыстың басқа да түрлері кеңінен тарады. ОК негізінде «Ровесник», «Планета», «Лира» клубтары, «Муза»



музыкалық салоны, «Элегия» әдеби-музыкалық қонақжай бөлмесі, «Кездесу» әдеби-өлкетанулық қонақжай бөлмесі т.б. клубтар жұмыс істеді.

Орталық кітапхананың ақпараттық-библиографиялық бөлімінің қызметкерлері қызықты да көп еңбек етті. Олар анықтамалық-ақпараттық қорды, анықтамалық-библиографиялық аппаратты, өлкетанулық АБА ұйымдастырды.

Кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін көрсету мақсатында орталық қалалық кітапхана (ОҚК) жыл сайын ведомствоаралық семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, 4 озат тәжірибе мектебі жұмыс істесе, №3 кітапхана-филиалы базасында жаратылыстану-ғылыми және атеистік әдебиетті насихаттау мектебі істесе, ал №5 кітапхана-филиалы базасында ЕҒҰ клубы істеді, №9 кітапхана-филиалы базасында әскери-патриоттық тәрбие клубы, ал №16 кітапхана-филиалында оқырманмен жеуке жұмыс клубы жұмыс істеді. Жас мамандардың бейімделуі мақсатында «Жас кітапханашылар мектебі» жұмыс істеді. Жыл сайын «Кітапхана ммандығын таныстыру» кештері, «Жылдың ең үздік жас кітапханашысы», «Мамандығы бойынша ең үздік» кәсіби конкурстар өткізілді.

Теміртау қаласының орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесі Қазақстанда мәдени-ағарту мекемелерін оңтайландыру кезінде 1996 жылдың 3 қарашасында Теміртау қаласының Әкімдігінің 1996 жылғы 5 шілдедегі шешімі негізінде таратылды. Кітапханалар жүйесі өзін-өзі басқаруға көшті.

Орталық қалалық кітапхана - №1 қалалық дербес кітапхана мәртебесін алды, ал №1 қалалық дербес кітапхананың



директоры болып **Г.А. Щербакова** тағайындалды, ол бұл лауазымда 1996 жылдың қарашасынан 2011 жылдың қазанына дейін істеді. 2001 жылдың қазанынан 2006 жылдың наурызына дейін кітапхана директоры **В.С. Лукиных** болды.

Теміртау қаласының кітапханалар бірлестігі өмірінде **2006 жылы** айрықша және өзгерісті оқиға болды.

Дербес кітапханалар жаңадан қайта құрылып, Теміртау қаласының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ 31.01.06 жылғы №231 бұйрығының негізінде теміртау қаласының орталықтандырылған қалалық кітапханалар жүйесі болып аталды. 30 мемлекеттік кітапханадан тек 3 ересек тұрғындарға арналған кітапхана мен 2 балалар кітапханасы қалды.

Теміртау қ. мемлекеттік кітапханаларының өміріндегі ең маңызды оқиға – «Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ 2006 жылғы 1 наурыздағы № 231 Бұйрығы негізінде дербес кітапханаларды қайта ұйымдастыру және орталықтандырылған қалалық кітапханалар жүйесін (ОҚКЖ) құру болды. Оның құрамына 5 мемлекеттік кітапхана кірді, ал кейін тағы 2 кітапхана ашылды.

2006 жылдың 1 наурызынан бастап Теміртау қаласының орталықтандырылған қалалық кітапханалар жүйесінің директоры болып М.К. Каруля тағайындалды. №1 қалалық кітапхана - орталық қалалық кітапхана мәртебесін алды, оның құрамына 5 бөлім кірді: кітапханалық процестерді автоматтандыру бөлімі, кітаптарды толымдау және өңдеу бөлімі (КТжӨБ), ақпараттық библиография бөлімі (АББ), қызмет көрсету бөлімі, кітапханаларды дамыту бөлімі (ҚДБ).



2011 жылдың маусымынан ОҚКЖ директоры болып Қадырова Гүлнәр Шайзуллина тағайындалды.

Теміртау қаласы әкімдігінің 2012 ж. 27 желтоқсандағы №51/11 қаулысына сәйкес «Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ құрамынан шығару арқылы «Теміртау қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды.

ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫ



Теміртау қалалық тарихи-өлкетану мұражайы. 1972 жылы 10 ақпанда қалалық депутаттар Кеңесінің атқарушы

комитеті Теміртау қаласының мұражайын ашу туралы шешім қабылдады. 1989 жылы мұражай рээкспозицияға жабылды, сол кезде елімізде дағдарыс басталып, мұражай мүлдем жабылып қалды, тек ғимарат пен қор қоймасында жиналған экспонаттар ғана қалды. 1997 жылы қала билік органдары мұражайды қайта іске қосуды бастады. Мұнда директор Наталья Дмитриевна Скорикова бастаған жаңа қызметкерлер келіп, бәрін қайта құрды. 1999 жылы 1 қаңтардан бастап «Мұражай» қалалық мәдениет мекемесі қарағанды облысының әкімі жанындағы «Теміртау тарихи-өлкетану мұражайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып өзгерді. Жоспарлау мен демеу, қаражат берудің жаңа түрлі экспозициялық, жинақтау, ғылыми-ағарту жұмысын кеңейтуге мүмкіндік берді. Жаңа залдар ашыла бастады. Бүгінгі күні мұражайда 10 стационарлық экспозиция, ауысымды экспозициясымен 2 зал және Көрме залы бар.

Мұражай үйіндегі Теміртау металлургиялық комбинаты тақырыбына арналған жәдігерлер, фотоқұжаттар қаланың



өткен түрмыс-тіршілігінің куәсі.

Халқымыздың кеңестік заманындағы өмірінің жақсы болсын, жаман болсын тарихы. Сол үшін де қастерлі де, қасиетті, әрі қасіретті тарихы. Мұражай қоры 21250 экспонатты құрайды,

оның ішінде негізгі қоры 16838. Жыл сайын отыздан артық көрме ашылып, іс-шаралар мен акциялар өткізіліп тұрады. Мұражай ұжымы Нидерланды гуманитарлық институтының қолдауымен дамушы елдермен () бірге Дешт-и Арт (Қазақстан) заманауи мәдениет Орталығымен өткізілетін Халықаралық мұражай жобаларының конкурсындағы жеңісі үшін кәсіби жүлдесіне, республикалық және облыстық мұражай

қызметкерлері конкурстарының жеңімпазы дипломдарына ие болды.

ҚР Тәуелсіздігі жылдарындағы Теміртау залы.

1991 жылы Қазақстан республикасы өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Сол кезден бері өткен 20 жыл ішінде бүкіл еліміздің өмірі күрт өзгерді, оның ішінде Қазақстанның ірі өнеркәсіп орталығы болып табылатын нарық экономикасы жағдайында Теміртау қаласында да талай өзгерістер пайда болды. Экспозиция ортасында залдың екі негізгі бөлімін бірлестіретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – ту, елтаңба және әнұран орналасқан. Экспозицияның бірінші бөлімі Қарағанды



металлургия комбинатында домна пешінің горновойы болып еңбек қызметін бастаған, Тәуелсіз Қазақстанның лидері, Республика Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған.

Теміртау қаласының тарихи залы. 1945 жылы 1 қазанда Самарқан шағын өнеркәсіптік кенті қала мәртебесі мен даңқты Теміртау атағына ие болды.

Еске алу залы. Еске алу залы Самарқан кентінен майданға аттанған жауынгерлердің тағдыры арқылы Ұлы Отан соғысы кезеңдері, сонымен қатар, Ауғанстанда интернационалдық борышын атқарған теміртаулықтар туралы әңгімелейді.

Қазақстан халқының Бірлігі Залы. Теміртау қаласында 95 ұлт өкілдері тұрады. Саны аса көп диаспоралар – орыс, украин, татар-башқұрт, неміс, кәріс, өзбектер. Осы диаспоралар «Көп ұлтты Теміртау» бөлімінде ұсынылған. Мұнда ұлттық киімдер, тұрмыс заттары, музыкалық аспаптар, қолданбалы-сәнді шығармашылық бұйымдары қойылған. Әркім кесте тігу

мен ою оюды өз өнерін сынауға болатын Интерактивті аймақ та бар.

Палеонтология залы. Жер бетінде адамның пайда болу тарихы диор арқылы, тарихи хронологиялық тәртіпте бейнеленген.

Археология залы. Зал жұмысының негізгі міндеті – археологиялық материал негізінде адамзаттың тарихи бұрынғысын көрсету және заттай дереккөздерге сілтей отыра адамның пайда болуының ғылыми көзқарасын дәлелдеу болып табылады.

Туған өлкенің табиғаты залы. Мұнда Қарағанды облысының аумағында және одан тыс жерлерде мекендейтін жануарлар мен құстардың



тұлыптары жинақталған. Ең құнды экспонаттар – Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек кездесетін құстар - белладонна Тырнасы, балабан сұңқары.

Нумизматика залы. Мұнда әр түрлі елдер мен дәуірдің қағаз ақшасы мен тиындарының коллекциясы жинақталған. Коллекция мұражай қорының экспонаттары негізінде құралған, біразын қала тұрғыны Александр Эдуардович Яковлев сыйға берген. Ол оны отыз жылдан артық жинаған екен. Қазір залда 1500-ге жуық экспонат қойылған. 2011 жылы әлемнің 76 елінің тиыны мен 37 елдің боны қойылды. Коллекцияның көп бөлігі, хронология мен ақшаның шығару географиясын есепке ала отырып, арнайы витриналар мен стендтерге орналастырылды.

Теміртау қаласының діни ұйымдары залы. Теміртау қаласында қазіргі кезде 10-нан астам діни ұйым тіркелген, оның ішінде саны ең көбі ислам және православие болып табылады. Теміртау мұражайының қорындағы діни ғибадаты бұйымдарының бай коллекциясы негізгі діни бағыттардың

калыптасу тарихының тақырыбын жан-жақты ашуға, олардың айырмашылығы мен тұтастығын белгілеуге және де жас ұрпақты дін мәселелеріндегі төзімділікке баулуға мүмкіндік береді.

Көрме залы. Залдың экспозициялық ауданы 125 ш.м. құрайды. Бұл уақыттық көркем экспозицияларының залы. Мұнда ай сайын суретшілердің, фотографтардың шығармашылық кештері өтіп отырады. Жыл сайын балалар көркем студияларының еңбектерінің көрмесі өтеді. Көрме залының аумағы шығармашылық кештер, кездесулер, іс-шаралар өткізуге мүмкіндік берді. Осы залдың базасында 5 жыл бойы белсенді жұмыс атқарып жатқан қалалық «Т-АРТ» суретшілер клубы құрылған.

Мұражайдағы Теміртау металлургиялық комбинаты тақырыбына арналған жәдігерлер, фотокүжаттар қаланың өткен тұрмыс-тіршілігінің куәсі. Халқымыздың кеңестік заманындағы өмірінің жақсы болсын, жаман болсын тарихы. Сол үшін де қастерлі де, қасиетті, әрі қасіретті тарихы.

ТЕМІРТАУ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ



Теміртау мәденет сарайы 1972 жылғы 5 қарашада ашылған. Мәдениет сарайы мәскеулік сәулетшілердің үлгілік жобасы бойынша салынған. Алғашқы директоры – Додь Владимир Иванович болған. Мәдениет сарайының

ғимаратында үш зал бар: 936 адамға арналған көрермендер залы, 200 орынға арналған шағын зал, 600 адамға арналған би залы. Сарайдың жалпы ауданы - 9517 ш.м. жерді алып жатыр. Отыз жылдық тарихы бар Теміртау Мәдениет сарайы қаламыздағы мәдени-сауық қызметінің орталығы болып табылады. Биыл Мәдениет сарайының 50 жылдығымен мұндағы бірнеше өнер ұжымдарының мерейтойлары қабат келіп отыр. Олар: ардагерлердің «Магнитка» вокалды ансамбліне -10 жыл, «Гюзель» үлгілі би ансамбліне – 15 жыл, «Муравейник» балалар театрына – 35 жыл, «Сплав» халықтық фото клубына – 45 жыл және «Ронд» үлгілі спорттық бал биі студиясына - 50 жыл.

Қалалық іс-шаралардың барлығы – фестивальдар, конкурстар, слеттер мен конференциялар, қалалық кәсіпорындар мен мекемелердің мерей той кештері өтетін бірегей мәдени орталық. Мәдениет сарайында 21 көркемөнерпаздар ұжымы, қызығушылықтары бойынша 11 клубтық құрылымдар бар. Соның ішінде 10 – «Халық» және «Үлгілі» атақтары бар, атап айтқанда: *«Берегиня»* орыс әні Халық ансамблі, *«Современник»* халық театры, *«Красная звезда»* Халық ардагерлер хоры, *«Сплав»* Халық фото-клубы, *«Арабески»* Үлгілі би театры, *«Вдохновение»* үлгілі вокалдық-хореграфиялық ансамблі, *«Глория»* Үлгілі би ансамблі, *«Гюзель»* Үлгілі хореграфиялық ансамблі, *«Ронд»* Үлгілі сәнді спорт биінің клубы, Үлгілі эстрадалық балалар студиясы.

«Гюзель»

Үлгілі би ансамблі



«Арабески»

Үлгілі би ансамблі



«Глория»

Үлгілі би ансамблі



ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ АТЫНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚ



Табиғаты аспанмен астасқан асқақ Алатауда туып, Теміртаудан тегеурінді екпін алған, танымы соншалықты терең парасат пен пайым иесі Елбасының ерекше қабілеттері мен ең алғашқы қарлығаш қадамдарын терең зерделеу ұрпақ аманаты. Тұңғыш Президентіміздің тұлғалық кескінін айқындаған сайын тұтас бір дәуір тынысы көз алдыңызға келіп, тарихтың қатпар-қатпар қабаттарына бойлай, білген сайын биіктеп, түсінген сайын тереңдей түсесіз.

Алтындалған алты залдан тұратын алып ғимаратқа енген бетте Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі Қазақстанның еркін де асқақ рухы алдыңыздан қарсы алады. Көз алдыңыздағы әрбір экспозиция Қазақстанның барлық жетістіктерін ашып көрсетуге мүмкіндік беріп тұрғандай. Биік қабырғаларға салынған әрбір сурет бейбітшілік сүйгіш, гүлденген бүгінгі Қазақстанға арналғаны анық. Витриналардағы мемлекеттің маңызды белгілерінен бастап, ұлттық валюта - теңгенің тұңғыш шығарылымы дейсіз бе, жалпы Қазақстанның жаңа тарихының оқиғалары түгел баяндалған бірегей жәдігерлер жанды толқытпай қоймайды.

Бізді тарихтың тереңіне бастаған мұражайдың қызметкері Қуаныш Тыныбек есімді азамат. Ол осы мұражайдың алғашқы кірпіші қаланғанда құрылысшы болып, кейін орталықта қызметкер лауазымында жұмыс істеп жатқанын айтып, бізді бір қызықтырып тастады. Орталықтың оң жақ залына өткенде алдымен Н.Назарбаевтың оқушылық және студенттік жылдары туралы баяндайтын фотосуреттер,



Мақтау қағаздары және «Доменстрой» құрылыс басқармасына жұмысқа берілген жолдамамен таныса келе, «Мұнда еліміздің екпінді құрылысы - Қазақстан Магниткасы бой көтеруде» деп жазылған қызыл қақпа бар. Бұл қақпаның маңыздылығы жайлы сұрағанда, мұндай қақпалар ХХ ғасырдың 50-60 жылдары Теміртау қаласының барша кіре беріс жерлерінде орнатылғандығынан ақпар алдық. Сол кезде мақсатты да табанды, өзіне талап қойғыш, жаңалыққа құмар, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білетін жас металлург Назарбаевтың болашағы зор көшбасшы ретінде осы қақпадан Теміртауға тұңғыш аттағаны айқындалды. Жаңағы қызыл қақпадан өткен бетте алдымыздан өткен ғасырдың 50-жылдарындағы газеттер мен плакаттар ілінген жарнамалық қысқа бағана тұрды. Мұнда «Нұрсұлтан - жұмысшы адам» атты мақаласы бар «Социалистическая Караганда» газеті көзіңізге түспей қоймайды. Мақала авторы Д.Николаев деп жазылған. Мақала аталмыш басылымның бірінші бетіне басылуы да тегіннен тегін еместігін ұқтырғандай. Бұл сарғайған тарих парағынан біз тағдыр табалдырығынан төріне озған тұлға жолын тани бастағандай болдық. Сондай-ақ, витриналарға Қазақстан Магниткасының құрылысшылары бос уақытында пайдаланатын заттар, айталық Нұрсұлтан Назарбаев пен онын

курстастары бірігіп сатып алған шахмат, домбыра, сырнай да сақтаулы түр екен.

Келесі зал металлургиялық өндірістің атмосферасын елестетіп және келушілерде кәсіпорынның ішінде жүргендей әсер қалдырады. Мұражайдағы мұрағаттармен танысып жүріп, 2000 жылы Қазақстан Магниткасының 40 жылдығында Н.Ә.Назарбаев мерейтойлық шойын балқытуға қатысқанын қайта есімізге алдық. Витринада осы оқиғаның суреттері мен Президенттің домна пешінің журналын-да қалдырған «Өзіндік құнын кеміту, көлемін ұлғайту, сапасын жақсарту қа-жет. Фосфор мен күкіртті азайту керек» деген жазбасы ұсынылған қолтаңбаны көрдік. Мұражайдың қабырғаларынан бастап әрбір үстелде болашақ Президенттің белсенді саяси қызметін сипаттайтын фотоматериалдар мен құжаттар ұсынылған. Фотоматериалдар мен құжаттар Карметкомбинат пен Теміртау қаласының XX ғасырдың жетпісінші жылдарындағы даму тарихын ашып көрсетеді. Экспозициялық тумбаларда Н.Назарбаевтың әртүрлі кезеңдердегі қызметіне байланысты құжаттар беріл-ген. Бір сөзбен айтқанда, бұл мұражайға бас сұғып қана қоймай, бастан-аяқ ара-лап, қосымша керек ақпараттарды әр бөлмеге қойылған ақпараттық панель-дерден маңызды саяси оқиғалардың хро-нологиясын біле алады екенсіз.

Мұражай қызметкерлерінің сөзіне қарағанда, Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында экскурсия жиі өтеді. Маңайдағы ауылдар мен Қазақстанның басқа қалаларынан да адам-дар көп келеді. Тіпті, Германия, Ресей, Беларусь, Украинадан да қонақтар болыпты. Көбінесе мектеп оқушылары келеді екен. Мұнда шынымен көруге тұратын, оқитын дүние көп. Әрбір экспозицияға қысқа ғана шолу жасап өткен кез келген адам Елбасының мемлекет үшін атқарған ерен еңбегін таниды.

ТЕМІРТАУДАҒЫ ДОСТЫҚ ШАҢЫРАҒЫ



Қазақ халқының данышпан ақыны Абай өткен он сегізінші ғасырдың өзінде басқа ұлттармен достықтың, бірліктің адамзат үшін маңызды екенін өз өлеңдеріне арқау еткен, қара сөздерінде халыққа айтып кеткен. «Келісім болмаса- бірлік жоқ, бірлік болмаса-тірлік жоқ» деген екен ол. Бұл сөздің қазір де мән-мағынасы артпаса, кеміген жоқ. Бүгінде елімізде 140 ұлт пен ұлыс, 17 конфессия өкілдері бір кісінің баласындай тату-тәтті ортақ мақсат үшін жұмыла өмір сүріп жатса бұл бірліктің, өзара төзімділіктің арқасы деп білеміз. Достық пен туысқандық туы желбіреген Теміртаудың үлкен шаңырағы астында неміс, грек, қазақ, украин, әзірбайжан, поляк, татар, тағы басқа ұлттардың мәдени орталықтары жұмыс істеп келеді. Олардың бәрі де қаланың мерекелеріне, түрлі тақырыптық фестивальге белсене қатысады.

Теміртаудың мәдени қоғамдастығы өкілдерінің көптен күткен арманы жүзеге асты. «АрселорМиттал АҚ жанындағы этномәдени бірлестіктер Үйі ашылды. Қаладағы этно-мәдени бірлестіктер үйінің ашылуы нағыз мерекеге айналды. Металлургтер қаласындағы тоқсаннан аса ұлт пен ұлыстың ынтымағы мен бірлігінің символындай түрлі этномәдени орталық ұжымдары жиналып, айналаны ән мен күйге бөледі. Теміртау қаласында ресми түрде он этномәдени бірлестіктер тіркелгенімен оның сегізі белсенді жұмыс жасайды. Енді олар

Достық шаңырағы астында бірлесе жұмыс жүргізетін болды. Бұл «Халықтар достығы» бірлестігінің төрағасы, ардагер – металлургтер Илияс Баймұрзаев, Әлішер Жағыпбековтың бастамасымен қалалық ақсақалдар алқасының, металлургиялық комбинаттың «Нұр Отан» партиясы бөлімшесі басшысы, қалалық мәслихаттың депутаты Әлібек Алпыспаевтың қолдауымен жүзеге асқан игі іс болды. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ басшылығы теміртаулық ардагерлердің ұсынысына қолдау жасады. Блюхер көшесіндегі 13 мекен жайындағы көп қабатты ғимараттың екінші қабатынан Достық үйін ашты. Алғашқы болып мұнда «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жанындағы қазақ мәдени орталығы көшіп келді. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ атқарушы директоры Вадим Басин теміртаулық ардагерлер көтерген бастаманың тәрбиелік мәні зор екендігін айтып, қаладағы достық үйіне комбинат тарапынан қажетті көмекті жасауға әзір екендіктерін білдірді. Теміртаудағы этнобірлестік үйінің төрағасы болып Вадим Басин орынбасары Әлішер Жағыпбеков, хатшысы Илияс Баймұрзаев тағайындалды. Осылайша, Теміртауда ұрпақтан - ұрпаққа жалғасатын игі іс қолға алынып, тәрбиелік мәні зор «Достық» шаңырағы ашылды.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ жанынан құрылған қазақ мәдени орталығы. Қара темірдің қазанын қайнатқан "АрселорМиттал Теміртау" компаниясының басқа шетелдік кәсіпорындардан ерекшеленетін бір артықшылығы бар. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жанынан құрылған қазақ мәдени орталығы халыққа ақысыз қызмет көрсетіп келе жатқанына биыл 30 жыл. Қазақ мәдени орталығы кәдімгі өндірістік цехтар қатарында жұмыс істеп тұр, бұл алпауыт өндірістің жергілікті ұлттың салт-дәстүрі мен құндылықтарын, тілін, өнерін, тарихын құрметтегенінің бір белгісі. Орталық Тәуелсіздіктің алғашқы ақ таңымен қатар дүниеге келді. Міне, содан бері осы ғасырлар жүгін арқалаған шағын шаңырақ ауыр

өндірісі, басқа ұлты басым шаһарда қазақтың мәдениетін, өнерін насихаттайтын бір ордаға айналған. Қазақ мәдени орталығы еліміз бойынша осы "АрселорМиттал Теміртау" жанында ғана жұмыс істейді. Мақсаты атынан көрініп тұрғандай, халқымыздың ұлттық салт-дәстүрін насихат-тау,



одан әрі дамыту, өнерлі жастардың басын қосып, жаңа биікке баулу. Қазір бізге екі жүзге жуық жастар келіп, түрлі өнер үйірмелеріне қатысады. Олар негізінен металлургтер және олардың отбасы мүшелері. Біздің "Шолпы" би ансамблі, театр және үнді би үйірмесі,

домбыра оркестрі және "Сарыарқа әжелері", "Аманат" аталатын металлургтер ансамбльдері қалалықтарға жақсы таныс. Теміртау қаласының кәсіпорындары мен әртүрлі ұйымдарында қазақ мәдениеті мен дәстүрін өркендету үшін **1992 жылы 7 ақпанда «АрселорМиттал Теміртау» АҚ** жанынан құрылған қазақ мәдени орталығының жөні тіптен бөлек. Қазақ мәдениеті мен салтын дәріптейтін орталықта тек қазақтар ғана емес, басқа ұлт өкілдері де шығармашылық қабілеттерін дамытады. Ұжым кәметке толмағандарды бейімдеу орталықтары мен кәсіптік колледждердегі балалардың ынталыларын театрландырылған қойылымдарға бау-лумен де айналысады. Қазір оны тәжірибелі ұстаз, халқының салт- дәстүрі мен өнерін жоғары бағалайтын Салтанат Жолдыбайқызы Бектемірова басқарады. Қазір «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қазақ мәдени орталығының әртістерінсіз комбинат пен қалада мерекелік шара өтпейді. Республикалық, халықаралық байқаулар мен фестиваль атаулыға қатысатын да солар. Бүгінгі таңда мұнда 5 команда жұмыс істейді. Көбіне көп компания қызметкерлері мен жұмысшы жастар және олардың балалары келіп ат салысады.

Мәселен, мұндағы **«Шолты»** хореографиялық ансамблінің (бұрынғы «Жұлдыз») репертуарында тек қазақ спектакльдері ғана емес, сонымен қатар әлем халықтарының билері бар. Ансамбльді орталықтың бұрынғы тәрбиеленушісі Гүлмира Қаппарова басқарады. **«Шаттық»** театр студиясын теміртаулықтардың барлығы біледі. Оның жетекшісі Ақмарал Абдуахитова керемет қойылымдар ұйымдастырып, тосын бұрылыстар ұсына алатын кәсіби өнерпаз десе болады. «Мен қазақ мәдени орталығына тоғыз жасымда келдім» деп еске алады өзі. Сонымен қатар, Ақмарал Теміртаудың жас тұрғындары айналысатын **«Еркелер»** атты үнді және шығыс би ансамблін ұйымдастырады. Орталықтың тағы бір тәрбиеленушісі, **«Мерей»** вокалдық студиясының жетекшісі Асылбек Гавай қазір жас таланттарға вокалдан сабақ береді. **«Аманат»** металлургтер ансамблі мен **«Арнау»**



домбырашылар командасынсыз Теміртауда бірде-бір маңызды шара өтпейді. Шығармашылыққа бей-жай қарамайтын үлкендер «Аманатқа» қауымдасқан. Қуаныш Хасеннің жетекшілігіндегі «Арнау» тобының бүлдіршіндері ұлттық аспаптарда ойнағанда, таң қалмайтын көрермен аз деседі. Бізде "Сарыарқа әжелері" деп аталатын ансамбльдің жұмыс істегеніне біраз уақыт болды, құрамында он адам бар. Бір қызығы, бәрі де көп балалы, алды он-он бір бала тәрбиелеген, "Алтын алқалы", "Күміс алқалы, ардақты жандар. Жуырда бізде өткен ұлттық тәрбие туралы өнер кешінде олардың біразы өз отбасы және бала тәрбиесі туралы тамаша әңгімелеп берді. «Сарыарқа әжелері» ансамбліндегі әжелер тек ән айтып қана қоймайды, жастармен кездесуде қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары туралы сыр шертуден жалықпайды. Орталықтың алдағы жоспарлары да жүйелі.

Өткен жылы жаңа музыкалық жабдықтар сатып әперген компания басшылығы қосымша оқу бөлмесін де қарас-тырып отыр. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арқасында мұнда тәрбиеленушілерді оқыту - ақы-сыз. Үйірмелерге жазылу кезінде зауыт жұмысшыларының балала-рына басымдық беріледі. Орталық жетекшісі



Салтанат Бектемірова кәсіпорын басшылығына дән риза. Барлық бастамаларына қолдау көрсететінін айтады. Бүгінде 120-ға жуық жастар шоғырымен қатар, 40-қа жуық аға буын өкілдері осында жастарға жол сілтеп келеді. Карантинге байланысты сабақтар мен дайындықтар негізінен қашықтан өткізіледі. Иә, да біз сырттан келген қонақтарды қабылдау үрдісін қалыптастырдық, оларға халқымыздың ұлттық киімдерін, саз

аспаптарын және ән-күйін, биін көрсетеміз. Сонымен қоса бізде ұлттыққолөнер үйірмесі жұмыс істейді. Ондакәдімгі қазақтың ағаштан, темірден жа- салатын ұлттық бұйымдары, жәдігерлері жасалып, жинақталды. Қолөнер шеберлігі бар металлургтер жұмысынан кейін бірмезгіл сондай өнерімен айналысуына мүмкіндік жасалған. Негізі, біздің орталықта түрлі өнер саласы бойынша төрт маман жұмыс істейді. «Біз барлық білім беру мекемелері сияқты онлайн режимде жұмыс жасаймыз. Көптеген байқаулар қашықтан өткізіледі, барлығына қатысуға тырысамыз. Алда Тәуелсіздік күні келе жатыр. Қазір соған дайындық үстіндеміз» дейді орталықтың жетекшісі Салтанат Жолдыбайқызы.

КЕРЕМЕТ ТЕАТРЫ

Ақмарал Әбдісаттарқызы Әбдуахитованы өнер сүйер қауым жақсы біледі. Ол өзі үнді әндері мен билерін тамаша

игерген өнерпаз, Астана қаласындағы халықаралық байқауда би мен ән өнері бойынша 2 бірдей номинацияның жеңімпазы.

Өнерпаз жан өзінің білгенін, бойындағы табиғат берген дарынын жас балғындарға үйретумен айналысады. Бүгінде ол қаламыздағы «Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығында **«Керемет»** деп аталатын қазақ театр студиясына жетекшілік етіп, болашақ актерлердің біліктілігін шындап өзінің аз да болса аса бай тәжірибесін, өнерін жалықпай үйретуде. Бұл еңбегі жеміссіз емес. Қарағанды қаласында балалар драмалық ұжымдарының облыстық байқау-фестивалінде А. Әбдурахитова басқаратын «Керемет» театры көпшілікті таңқалдырды. Сөйтіп қорытындысында «Ең үздік режиссер» аталымы бойынша жеңімпаз деп



танылды. Репертуары жан-жақты, әрі аса бай. Қойылымдардың сценариін өзі жазатын жетекші ең алғашқыда «Қыз тағдыры» деген қойылымды көпшілікке ұсынып, бүгінгі қоғамдағы қыз баланың тәрбиесі, оның келешегі, өмірден өз орнын табуы сияқты көріністерімен көрермендеріне ұнаған еді, одан кейін «Көп балалы жанұя», «Қыз сыны», «Экстрасеанс», «Мектепте» деген қойылымдарды сахналады. Өткен жылы «Біз бақытты ұрпақпыз» облыстық байқауына қатысып, онда да театрдың көпшілікті қызықтыратын тақырыптарды жеріне жеткізе білетіні назарға іліккен. Енді міне «Театрдың ғажайып әлемі» деп аталған байқау-фестивальде қазақтың ұлы ақыны М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын сахналап тамаша өнер көрсетті. Біз «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының негізгі желісін алып оны қазіргі кекейкесті болып отырған табиғатты қорғау, экология мәселесіне ұштастырдық. Шымылдық ашылғанда ормандағы шыршалар арасынан «мен ағашты кесіп үй саламын», «орманды жоқ қыламын» деген

сияқты қаскөйлік дауыстар естіледі бірақ табиғатты қорғайтын бір топ - ұстаз бен оның шәкірттері шығып, шыршаларға қауіп төндірушілерді қуып жіберді. Сөйтіп, орманның жасыл желегін өз камқорлықтарына алды. Бұл көріністердің өте сенімді шыққаны сондай жастарды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелейтін деңгейде көрсетілді. Сондықтан байқау-



фестиваль қорытындысында «Әлем» балалар мен жасөспірімдер орталығының «Керемет» қазақ театр студиясы бірінші орынды иемденіп оның жетекшісі А.Әбдухитова кәсіби шеберлігі және біліктілігі, ықтиятты еңбегі мен мақсаткерлігі, балаларға деген

сезімтал көзқарасы мен даналығы үшін Қарағанды облыстық білім басқармасы, «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми практикалық орталығы тарапынан «Ең үздік режиссер» деген жоғары бағаға ие болды. «Керемет» қазақ театр студиясы өнер ұжымына жас ерекшеліктеріне қарамай қырыққа жуық бала қатысуда. Олардың балауса кезден, мектеп қабырға-сынан өнерді жақсы көріп сахнаға бейімделетіндігі сондай келешекте де актер мамандығын тандауда. Биылдың өзінде осы театрға қатысып жүрген 3 бала өнер академиясына түсуді армандап жүр. А.Әбдухитова жетекшілік ететін «Керемет» қазақ театр студиясының келешегі қазіргіден де жарқын болуына тілектеспіз.

«КОРЕЯНА» КӘРІС МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

Біздің металлургтер қаласында 120 ұлт өкілі тұрып жатыр, олардың іштерінде кәрістер де баршылық. Жалпы Қазақстанда жүз мыңнан аса осы азиялық ұлт өкілі өздерінің түпкі ерекшелігін, тілін, өнерін, салт-дәстүрін жоғатпай, сонымен бірге басқа ұлттармен тіл табысып тәуелсіз Қазақстанды

өректетуге айтарлықтай үлес қосып келеді. Қазір қаламызда оннан аса ұлттық мәдени орталықтар болса соның бірі кәрістер ұйымдастырып отырған *«Кореяна»* орталығы деп айтуға болады. *«Кореяна»* деп аталатын осы ұлттық мәдени орталық 1989 жылы ашылған болатын. Қалада тұратын екі жүзге жуық кәріс отбасының өкілдері барлық қазақстандықтар сияқты өмір сүріп, білім алып, еңбек етуде жалпы біздің халық туралы жұртшылық арасында еңбекқор, ісіне тыңғылықты, сөзге берік дегендей жақсы пікір қалыптасқан, бұл шын мәнінде де солай сондықтан осы жақсы сенімге кір келтірмей әрдайым алда болу біз үшін бір үлкен мәртебе, - деп бастады өзінің әңгімесін осы орталыққа былтырғы желтоқсан айынан бері жетекшілік етіп келе жатқан Вера Алексеевна Цой. Теміртаулық кәрістер күнделікті тұрмыста да, қоғамдық өмірде де жоғары адамгершілік, белсенділік, білімділік деген қасиеттерді ұстанады. «Кореяна» мәдени орталығы олардың бос уақытта бас қосатын демалыс ошағы ғана емес қаланың бір әлеуетті этнографиялық ұжымы десек артық емес.



Қазір Теміртаудың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген кәрістер аз емес, жұртшылық осыдан бірнеше жыл бұрын республикалық супер стар байқауында мәреге жеткен әнші Роман Ким есімін жақсы біледі. - Сол байқау кезінде қазіргі ұлттық мәдени орталық жетекшісі Элла Черсановна Нью болған еді, сол кісінің басшылығымен бәріміз бір кісідей жұмылып дауыс бердік, жалпы барлық Теміртау халқы оны қолдады. Дауыс саны басқалардан асып түсіп екінші орынды иемденді. Бұл да халықтар достығының бір көрінісі, әсіресе қазақтар бізді сонау репрессия кезеңінен қолдап, қорғап, бір үзім нанымен бөлісіп күні бүгінге дейін қамқорлық көрсетуде біз сол үшін қазақ

халқының қонақжайлылығы мен кеңпейілділігін үнемі айтып жүреміз, - деп әңгімеге араласты осы тұста мәдени орталықтың өнерпаздары Клавдия Степановна Цой, Георгий Геннадиевич Кан, Алла Васильевна Ним, Тамара Тимофеевна Кан. Қаламызда тұратын ұлт өкіл-дері арасында ерекше танымалдарының атын атасаңыз? - деген өтінішімізге орталық жетекшісі биыл 90 жасқа толатын Владимир Николаевич Цай, оқ атудан еліміздің үш дүркін чемпионы Юрий Валентинович Ким есімдерін мақтаныш тұтатындықтарын айтты. Корея елі біздің тарихи Отанымыз болғанымен біз өзімізді Қазақстан халқының бір бөлшегі деп білеміз. Өйткені осында туып өстік, менің барлық туысқандарым, әке-шешем, аға-апаларым өздерінің еңбек жолдарын Қарағанды металлургия комбинатында өткізді, өзім де завод ВТУЗ-ды бітіріп коксохимда бухгалтердің орынбасары болып еңбек еттім, жалпы бізде металлургияның үлкен әулеті қалыптасқан, біз соны мақтан етеміз. Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне белсене қатысып осындай бейбіт елде өмір сүру бізге мол мүмкіндік беріп келеді. Мәселен, мен өзім соңғы жылдары шағын бизнеспен айналысудамын, - дейді аталған орталық жетекшісі Вера Алексеевна.

Кәріс халқының ұлттық мерекелері жайлы айтар болсақ, Мәселен олар жаңа жылды шығыс халықтары күнтізбесі бойынша ақпан айында қарсы алады. Оларда 5 сәуір ата-аналар күні, ал 21 маусым көктемгі егісті отырғызып болғаннан кейін олар өнім беруге беталғанда тойланатын - «Тано» мейрамы күні. 27 тамыз «Чусок» күні деп аталады. Бұл енді биылғы егіс, бау-бақша өнімі берекелі болуы үшін оны жинардың алдында атап өтілетін ауылшаруашылығы мерекесі деуге болады.

Бүгінгі таңда бұл этно-мәдени орталық құрамы барынша бай, онда тек осы ұлттың өкілдері ғана емес татарлар, қазақтар, орыстар да бар. мәдени орталықта басқа ұлт өкілдері де жетерлік өйткені орталық жетекшісі Вера Алексеевна Цойдан бастап оның барлық белсенді мүшелері өнерді, мәдениетті, дәстүрді ұлтына қарап бөлмей адамдардың талантына,

бейімділігіне қарап дамытып келеді. Орталықтың барлық мүшелері жазда Қарағандының ең әдемі жерлеріне туристік жорықтарға шығады, бірге ән шырқайды, естелік үшін суретке түседі. Айтқандай Шихаб Ромашкин әуесқой фото суретші, осы орталықтың ұйымдастыруымен көрме ашып, қызғылықты тарихи туындыларын жұртшылыққа ұсынды.

Ширек ғасырдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Кореяна» этно-мәдени орталығының алда тұрған міндеті, межелеген жоспары қазіргіден де зор. Өйткені біздің көпұлтты Отанымызда әркімнің өзіне тән ерекшелігі, түр-сипаты, салт-дәстүрі басқаларды да өте қызықтырады. Бұл тек Тәуелсіз Қазақстанда ғана қол жететін мүмкіндік, өйткені әр ұлт еркін дамып өз қалауымен өмір сүруде. Достықта шекара жоқ деген осы, - дейді орталық мүшелері.

«ПОНТОС» ГРЕК ОРТАЛЫҒЫ

Қарағанды аймағындағы елу бірлестіктің арасында лайықты орын алып отырған «Понтос» грек орталығының жұмысы республикаға да танымал. Ол осыдан 20 жыл бұрын құрылған еді. Бірлестік жетекшісі қаланың қоғамдық өміріне



белсене араласатын **Деспина Ивановна Касапиди** есімді ханым, ҚР «Құрмет» орденінің иегері. ҚР статистика агенттігінің мәліметтеріне қарасақ Қазақстанда 130 ұлт, этнос өкілдері тұрады. Соның он миллиондайы жердің иесі түпкілікті тұрғын - қазақ халқы

болса одан кейінгі орында төрт миллионға жуық адам санымен орыстар тұр. Он екі мыңдай грек халқы саны жағынан 22-ші орында. Соның ішінде Теміртау қаласы мен қала маңындағы елді-мекендерді қоса есептегенде мыңнан аса грек тұрады, біздің аталарымыз Қазақстанға соғыс кезінде Дағыстаннан жер аударылған. Менің өз отбасым туысқандарымыздың қасында

болу үшін кейінірек көшіп келген. Осы металлургтер қаласында №13 орта мектепті бітіргеннен кейін Алматыдағы ҚазМУ-ды аяқтап, туғандай болып кеткен ортама қайтып оралдым. Міне, содан бері мамандығым бойынша еңбек етіп Теміртауда бүкіл ғұмырымды өткізіп келемін, балаларым да осында өсіп-өнуде, - дейді Д.Касапиди. Басында «Гермес» кейінірек «Понтос» атанған грек этно-мәдени орталығының жұмысы республика деңгейінде әріптестеріне үлгі болып жүр. Жалпы Қазақстан бойынша 10 грек этно-мәдени орталығы жұмыс істеп келеді. Олар бір-бірімен тығыз байланыста, іс-шараларды бірге өткізеді. Республикалық түрлі жарыстарға да бірге қатысады. Солардың бәрін өздерінің ұлттық ерекшеліктерімен бөліну үшін емес, сонау бір сұрапыл жылдары бір үзім нанымен бөліскен қазақ елін қадірлеу рухында жасайды. Жалпы елімізде қоғамдық және саяси өмірге белсене араласып жүрген гректер баршылық. Солардың бірі ғалым Г. Ксандополо: «Бір адамда екі отан болмайды, оның үлкені де, кішісі де жоқ, біздің отанымыз - Қазақстан, ал Грекия бабаларымыздың мекені, ата-жұртымыз» деп жазады. Ес білгелі орысша оқып, сол тілде сөйлесе де Деспина Касапидидің отбасы ана тілін білетін және қадірлейтін жандар екенін атап айтқан жөн. Бұл үрдісті оларға ата аналары сіңірген. Кеңес үкіметі кезінде кімнің қандай ұлттан екеніне мән бермедік, ал Тәуелсіздік алғаннан кейін әр ұлттың тату-тәтті өмір сүруімен қатар өзінің ұлттық ерекшелігін дамытуына жол ашылды. Кішігірім болса да тұтас хапық өз тағдырын өзі тандайтын дәрежеге жетті, осындай еркіндіктің нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ал біздің Теміртауда осы күнге дейін белсенді жұмыс істеп келе жатқан орталық есігін ашты, -



ерекшеліктерімен бөліну үшін емес, сонау бір сұрапыл жылдары бір үзім нанымен бөліскен қазақ елін қадірлеу рухында жасайды. Жалпы елімізде қоғамдық және саяси өмірге белсене араласып жүрген гректер баршылық. Солардың бірі ғалым Г. Ксандополо: «Бір адамда екі отан болмайды, оның үлкені де, кішісі де жоқ, біздің отанымыз - Қазақстан, ал Грекия бабаларымыздың мекені, ата-жұртымыз» деп жазады. Ес білгелі орысша оқып, сол тілде сөйлесе де Деспина Касапидидің отбасы ана тілін білетін және қадірлейтін жандар екенін атап айтқан жөн. Бұл үрдісті оларға ата аналары сіңірген. Кеңес үкіметі кезінде кімнің қандай ұлттан екеніне мән бермедік, ал Тәуелсіздік алғаннан кейін әр ұлттың тату-тәтті өмір сүруімен қатар өзінің ұлттық ерекшелігін дамытуына жол ашылды. Кішігірім болса да тұтас хапық өз тағдырын өзі тандайтын дәрежеге жетті, осындай еркіндіктің нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ал біздің Теміртауда осы күнге дейін белсенді жұмыс істеп келе жатқан орталық есігін ашты, -

деп Деспина Ивановна металлургтер шаһарында және оның айналасындағы ауылдарда тұратын, өсіп өркендеген, жан-жақты дамыған өз орындарын тапқан грек өкілдерінің есімдерін атады. Олардың қатарында теміртаулықтар атын жақсы білетін, құрметтейтін, еңбегіне, өнеріне тәнті болып жүрген азаматтар баршылық. Теміртау әдебиетінің патриархы атанған Григорий Григориади ақын бір өлеңінде Теміртауды Қазақстан атты мұқитта жүзіп жүрген алып лайнерге теңеген екен. Ұзақ жыл темір қорытқан металлург Иван Николаиди, ғалым Иван Попандопуло, суретші Валентин Лазареди, Иван Елефтериади, хирург-дәрігер Анастас Касапиди, облыстық мәслихат депутаты кәсіпкер Иван Георгиади есімдері теміртаулықтар үшін мәртебелі де мерейлі. «Понтос» грек этно-мәдени орталығы қаланың түрлі мерекелеріне арнап игі шаралар өткізіп тұрады. Бірер жыл бұрын Қазақстан халқы Ассамблеясының Астанада өткен бір жиынында он екі адамнан құрылған теміртаулық гректер ұлттық «Сиртаки» биін билеп Елбасының ерекше ризалығына бөлегені бар. Тәуелсіздік арқасында келген еркін даму, әр ұлттың өзін этнос ретінде дамуына қолайлы жағдай тууы шынында да ұлттық үрдістерді оятты.



Гректер балаларды өздерінің жақсы әдептері арқылы тәрбиелейді, бір ерекшелік ұрпақты тек сөзбен ғана емес өздерінің іс-әрекетімен тәрбиелеуге мән береді. Үлкен кісілер бар жерде балалар да қысылмай емін-еркін әңгімеге араласады.

Сонымен бірге грек халқында жаңа жылда әр үйге барып, есіктен кіре ән айту, жақсы тілектер жеткізу, билеу, ықыласты көңіл-күйді білдіру сияқты жақсы дәстүр бар. Мұны халқымыз қолиада деп атайды, - дейді жетекші. Ал мұндай дәстүр біздің қазақта да бар, мәселен айт мейрамы кезінде жастар, бала-шаға үй-үйді аралап таянған кезде сырттан-ақ жарапазан өлеңін

бастайтын дәстүріміз бар емес пе? Гректердің колиадасы дәл осы жарапазанға келетіні екі ұлттың арасындағы бір тамаша ұқсастық болып шықты. Біз Еуропадағы ата-жұрт Грекия елімен қандай байланыс бар, ондағы экономикалық-әлеуметтік жағдай Қазақстан гректерін толғандыра ма деген сұраққа жауап іздедік. Әрине, байланыс бар. Деспина Ивановнаның өзі оншақты жыл бұрын жиырма мектеп оқушысын бастап ата-жұртқа туристік саяхат жасап қайтқан. Сонда жергілікті тұрғындар қазақстандық гректердің жанжақтылығына, әсіресе бұрынғы тарихи әңгімелер мен аңыздарды жатқа білетіндігіне таңданысыпты. Қазір де тоқсаныншы жылдары Қазақстаннан үдере көшіп ата жұртқа қоныс аударған грек отбасыларымен байланыс жасап тұрады. - Бір өкініштісі олар байырғы эллиндік грек тілін жетік білмейді, көбі не орысша немесе понтиша сөйлеседі. Сондықтан толық сіңісіп кетуі қиын. Тұрмыстық және қазіргі дағдарысқа байланысты қиыншылықтар баршылық. Олардың көбі Германияға барып сонда тұрақтап күн көруде. Ал біз Қазақстанда гректер өзіміздің бүгінгі, ертеңгі тіршілігіміз туралы еш ойламаймыз, ертеңгі күніміз не болады деп қиналмаймыз да, өйткені бәріміз Қазақстанның болашағына сенеміз. Мұндағы гректер Еуропадағылардан әлдеқайда білімді, табысты екенін көріп отырмыз, - дейді Деспина Ивановна үлкен мақтанышпен. Елбасының өзі «Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда. Ал Ассамблея болса осындай өршіл рухты дамытуға жол ашып келеді» деп үлкен мақтаныш сезіммен айтқан болатын. Теміртаулық гректер өздерінің туған отаны, сүйікті елі Қазақстан деп біледі. Ұрпақтарының дамуын, келешегін қазақ елімен байланыстырады. Ана бір жылдары қаладағы «Мүз айдыны» сарайында ел Президентінің іс-сапары кезінде үлкен жиын болғанын білеміз. Сонда этно-мәдени орталық жетекшесі Д.Касапиди сөз алып: «Тамаша саяси бағыт ұстап отырған Президентімізге мың алғыс, біздің туған еліміз ешқайда емес, дәл осы Қазақстанда, біз тұрған жерде. Өйткені мұнда әр ұлт өз ара тең, теңдік күнделікті өмірде де көрініп тұр.

Қазақстан халық ассамблеясы әлемдегі барлық елдерге үлгі болып отыр» деген еді. Бұл сөздері тегін емес, қалада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңі етіп сайысқа түскен алты отбасы қатарында Касапидилер өулеті дә үлкен қошаметке ие болды. Өйткені олар қарапайым еңбекқор жандар ғана емес сонымен бірге көпке үлгі боларлық отбасы. Деспина Ивановнаның ұлы Анастас әке жолын қуып хирург болса, қызы мен келіні де әр саланың білікті мамандары, немерелері де ата тектерін тек жақсы жақтарымен ататып жүр. Касапидилер отбасы облыстық деңгейдегі жарысқа қатысуға жолдама алды. Қазақ халқының «Ырыс алды ынтымақ» деген нақыл сөзін жүректеріне мықтап құйған Касапидилер өулеті Қазақстандағы барлық халықпен тату-тәтті жағдайда өмір сүретіндерін үлкен мақтаныш көреді. Шын мәнінде татулық бірлік бар жерде өмір де мәнді екенін осындай мысалдардан көруге болады.

Облыстық «Полония» орталығының Теміртаудағы мәдени орталығын Галимская Валентина басқарады. - Бірінші рет

біздің орталық 1996 ж. «Надзея» деген атпен тіркелді.—деді Валентина Анастасовна. Польша және Қазақстан білім министрліктерінің келісімдері бойынша жыл сайын поляк жағы мәдени орталықтарды оқытушылармен қамтамасыз етеді, тілді тегін оқу тек поляк оқушыларына ғана емес, барлық өз еркімен үйренушілерге де тегін. Сабақтар №14 мектеп базасында өтеді.



«Достлуг» әзірбайжан мәдени орталығы ең жас этномәдени бірлестігі, ол 2008 жылы ашылса да өзін жақсы жағынан көрсетуде. «Достлуг» орталығы қалалық мәдени шараларға белсенді қатысуымен қатар, облыстық және республикалық конкурстар мен фестивальдарға да қатысып жүр.

Бұл орталықта ана тілін, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді үйрену студиясы және көркемдік топ ашылды. Орталықта тек эзирбайджандар ғана емес басқа да ұлт өкілдері бос уақыттарын өткізеді. **Мәдени орталықтың бастығы—Шарбан Әбішев.**

«Фольксштимме» неміс мәдени орталығы. Бұл орталықта «Фольксштимме» вокальдық үлкендер тобы және «Фейерверк» балалар студиясына әр ұлттың вокалистері қатысады, мұнда орыстар, қазақтар, украиндықтар өлең айтады. Ұжымның репертуары әртүрлі, концерттік бағдарламасы көп қырлы. Мысалы, өткен жылы Теміртау неміс мәдени орталығы «Фройндшафт» Халықаралық неміс Мәдениетінің фестиваліне қатысып фести-вальды ұйымдастыру комитетінің және ҚР неміс Ассоциация бастығы А. Дедерердің дипломымен марапатталды. «Фольксштимме» орталығында балаларды неміс тіліне және колөнерге үйретеді. **Орталықтың жетекшісі Светлана Калион.**

МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ

Алтайбаева, С. "Дуслык" татар фольклорлық ансамбліне 26 жыл: [татар фольклорлық ансамблі жайында] / Алтайбаева, С. // Құрыш қала ҚЗ. - Теміртау.- 2015.- 5 маусым (№21).- 10 б.

Алтайбаева, С. Сабантой - татулық мерекесі [Мәтін]: [татар халқының ұлттық мерекесі "Сабантуй" жайлы] / С.Алтайбаева // Құрыш қала ҚЗ. - Теміртау.- 2017.- 9 маусым (№06).- 6 б.

Алтайбаева, С. "Керемет" театры үздік шықты: ["Әлем" балалар және жасөспірімдер орталығының "Керемет" театры] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2014.- 16 мамыр (№20).- 4 б.

Алтайбаева, С. "Кореяна" ұлттық мәдениеттің бір ошағы: [Теміртаудағы "Кореяна" кәріс мәдени орталығы туралы] / С.

Алтайбаева // Құрыш қала КЗ. - Теміртау.- 2015.- 1 мамыр (№17).- 4 б.

Алтайбаева, С. Татулық - табыс кілті [Мәтін]: ["Понтоc" грек мәдени орталығының жұмысы туралы] / Алтайбаева, С. // Құрыш қала КЗ. - Теміртау.- 2017.- 2 маусым (№05).- 6 б.

Алтайбаева, С. Тілі басқа - тілегі бар, түрі басқа - жүрегі бар: ["Понтоc" грек орталығы туралы] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 1 маусым (№22).- 5 б.

Алтайбаева, С. Ұлттық рух дүмпуін туғызған [Мәтін]: [Қазақ мәдениет орталығына-20 жыл] / С. Алтайбаева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 2 наурыз (№9).- 5 б.

Асан, М. Тұңғыштарға тұғыр болған Теміртау [Мәтін]: [Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы жайында] / М. Асан // Егемен Қазақстан.- 2017.- 1 желтоқсан (№232).- 10 б.

Атабекқызы, Ү. Көз сүйсініп, көңіл қуанады [Мәтін]: [Әкімшіліктің басшылығымен ескі қаладағы саябақ қалпына келтірілді] / Ү. Атабекқызы // Отан-Заман.- 2018.- 22 тамыз (№31).- 3 б.

Атабекқызы, Ү. Теміртауда достық шаңырағы ашылды [Мәтін]: ["АрселорМитталТеміртау" АҚ жанынан этномәдени бірлестіктер үйі ашылды] / Ү. Атабекқызы // Отан-Заман.- 2018.- 18 шілде (№26).- 4 б.

Әбілда, Қ. "Қысқа бақта" шефлера гүлдеді [Мәтін]: [Теміртау қаласындағы "Қысқы бақ" жайлы] / Қ.Әбілда // Егемен Қазақстан.- 2018.- 7 ақпан (№26).- 12 б.

Әлиман, Ж. Ақысыз қызмет, немесе комбинаттың көшелі орталығы [«АрселорМиттал Теміртау» АҚ жанынан құрылған

қазақ мәдени орталығы жайлы] / Ж. Әлиман // Ortalyq Qazaqstan. -2020. -10 желтоқсан.- (№137). - 6 б.

Бекбосынқызы, С. "Вдохновение" Сочиден оралды [Мәтін]: ["Вдохновение" ансамблі Қара теңіз жағалауындағы байқаудың жеңімпазы атанып оралды] / С. Бекбосынқызы // Отан-Заман.- 2018.- 7 қараша (№42).- 12 б.

Алдашева, Р. Әрбір ән - шағын қойылым: [Теміртаудың түлегі, әнші Немере Монголхан туралы] / Р. Алдашева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 20 сәуір (№16).- 11 б.

Бектемірова, С. Мәдени орталық - ұлт айнасы: ["Арселор Миттал Теміртау" компаниясының қазақ мәдени орталығының басшысы С.Бектеміровамен сұхб. / әңгім. С.Алтайбаева] / С. Бектемірова // Құрыш қала. - Теміртау.- 2014.- 28 наурыз (№13).- 5 б.

Жақыпқызы, Р. Өткен күнде белгі бар [Мәтін]: [қалалық тарихи-өлкетану мұражайының ашылғанына 40 жыл] / Р. Жақыпқызы // Құрыш қала. - Теміртау.- 2013.- 8 қараша (№45).- 11 б.

Қала тарихынан мәлімет:қол жеткізу режимі: [электронды ресурс] https://qazir.kz/article/Temirtau_kalasy
Тәшімова, М. Бүлдіршіннің көңілін баураған театр [Теміртау қалалық балалар мен жасөспірімдер театры туралы] // Театр kz.- 2014.- №3.- 43-49 б.

"Понтос" - грант жеңімпазы: [Теміртаудағы "Понтос" грек этно-мәдени бірлестігі облыс әкімінің гран-тын жеңіп алды] // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 27 сәуір (№17).- 2 б.

Тыныбекұлы, Қ. Егемендіктің еңсесі, тәуелсіздіктің жаршысы болып отырған тарихи-мәдени орталық! [Мәтін]: [1-желтоқсан

- Тұңғыш Президент күні] /Қ. Тыныбекұлы // Құрыш қала. -
Теміртау.- 2013.- 29 қараша (№48).- 5 б.

ОК: Победа көшесі, 12 үй
телефоны: 8(7213) 98-47-60
ОК сайты: www.kulturatem.kz
e-mail: tcsqb@mail.ru